1155.	Уткирова А., Ахметқалиева Д.	Қазақстанның өңірлік инновациялық дамуындағы теңсіздіктер	4961
1156.	Khamza A. E.	Innovative development of the Republic of Kazakhstan: artificial intelligence in human resource management	4964
1157.	Хамит Ж. Р.	Роль проектного управления в развитии инновационной деятельности вуза	4968
1158.	Шамырзаев Б. Д.	Методы решения возникающих проблем в государственном управлении	4972
1159.	Ыбрахым Б. Х.	Қазақстанның ұлттық компанияларындағы операциялық тиімділікті басқарудың өзекті мәселелері (мұнай-газ саласындағы компаниялар негізінде)	4974

**Подсекция 7.6 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ТУРИЗМ: ЭКОЛОГИЯ,
ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ТЕПЕ-ТЕҢДІГІ**

**УСТОЙЧИВЫЙ ТУРИЗМ В КАЗАХСТАНЕ: БАЛАНС ЭКОЛОГИИ,
ЭКОНОМИКИ И КУЛЬТУРЫ**

**SUSTAINABLE TOURISM IN KAZAKHSTAN: BALANCING
ECOLOGY, ECONOMY AND CULTURE**

1160.	Абдуллаева Жасмин Сайдуллақызы	Мейрамхана бизнесінде сандық технологиялардың қолданылуы	4977
1161.	Абдрахманов Айдар Серикович, Еремін Владислав Андреевич, Аюпова София Дулатовна	Современные тенденции цифрового маркетинга в гостиничной отрасли Казахстана	4980
1162.	Адебиет Анель Ерғазықызы	Туризмнің жергілікті қауымдастықтың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсері	4985
1163.	Амержан Сабира Умурғалиқызы	Гастрономический туризм: влияние на ресторанный бизнес	4990
1164.	Балахметова Адия Болатқызы	Роль ТОО «Казахстанская атомная энергетическая станция» в содействии решения проблемы энергодефицита Республики Казахстан	4992
1165.	Бекмұхамбетова Іңкәр Маратқызы	Мейрамханалардағы тағам сапасын бақылау жүйелері	4995

1166.	Ғиззат Алтынай Ақанқызы	Культурное наследие как ресурс развития туристской индустрии Республики Казахстан	4999
1167.	Дәурен Айзат	Этно-қонақ үйлер – заманауи туризм мен дәстүрлі мәдениетті ұштастыру құралы ретінде	5003
1168.	Есмахай Фариза	Ежелгі Жібек жолы бойындағы мәдени-туристік маршруттарды дамыту	5009
1169.	Жөкен Баян Асанқызы	Қазақстандағы туризмнің Covid-19 пандемиясынан кейінгі жағдайы мен өзгерісі	5014
1170.	Жубан Әділжан Қуатұлы	Алматы тау кластері туристік индустрияны дамытудың драйвері	5022
1171.	Исабекова Жұлдызай Бекжанқызы	Туризмдегі кеңейтілген және виртуалды шындық технологияларының әлеуеті	5025
1172.	Исмагулов Армат Азаматұлы	Қонақ үй индустриясында 3D визуализацияны қолдану мүмкіндіктері	5028
1173.	Исмоилова Саломат Құрбонбековна, Михлибаев Сеитжан Маратович	Роль ЮНЕСКО в сохранении культурного наследия Таджикистана и Казахстана	5032
1174.	Калихан Айзере Алтайқызы	Экологические последствия строительства нового аэропорта в Катон-Карагай	5037
1175.	Көпей Адель	Катонқарағай ұлттық саябағында жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы қалдықтарды тазалау мүмкіндіктері: инновациялық тәсілдер және экологиялық тұрақтылық	5042
1176.	Кубайдоллинова Айнара	Туризмдегі мобильді технологиялар: болашағы мен мүмкіндіктері	5047
1177.	Муратбекова Диназ Муратбекқызы	Қазақстандағы тұрақты даму контекстіндегі киелі туризм	5052
1178.	Мухамбетқалиева Жансая Әбдіғабитқызы	Қазақстанның гастрономиялық мұрасы: туризмді дамытудағы рөлі	5056
1179.	Мұрат Аружан Әділханқызы	Роль этно-аулов в развитии внутреннего туризма в Казахстане	5064
1180.	Саурикова Жансая Қанатқызы, Мұсабек Ақерке	Қазақстандағы экотуризм: табиғатты аялау мен экономикалық даму арасындағы тепе-теңдік	5067
1181.	Нұрмағанбетқызы Нұрдана	Түркістан аймағында тұрақты туризмді қалыптастырудағы емдік туризмнің рөлі: Сарыағаш курорттық аймағы мысалында	5070
1182.	Омарова Кенжегуль Акмышевна	Состояние инфраструктуры в санаторно-курортных зонах Республики Казахстан	5074
1183.	Тоғайбаева Алина, Рамазан Рамина	Устойчивый туризм в Казахстане: баланс экологии, экономики и культуры на примере зоны отдыха - Алаколь	5079
1184.	Рустемова Сабира Муратовна, Абеуханова Еркежан Бахытбековна	Семей қаласының туристік әлеуеті	5083
1185.	Сайдханова Арайлым	Қазақстандағы емдік сауықтыру туризмінің жағдайы мен даму болашағы	5087
1186.	Сайын Мадина Саматқызы	Лоукост әуе тасымалының Қазақстандағы туризм саласына ықпалы	5091

1187.	Таран Ерлесқызы	Нұрлы	Экотуризмнің Қазақстандағы рөлі	5095
1188.	Тулегенова Мейрамбекқызы	Лиана	Қонақ үй бизнесін басқаруда жасанды интеллекттің маңызы	5099
1189.	Утеубаев Назымбекович	Нурлыбек	Организационно-управленческие модели строительства школ за рубежом: уроки для Казахстана	5104
1190.	Фатай Қайсарқызы	Нұрлы	Қазақстанда жастар арасындағы білім беру туризмінің дамуы: мәселелері мен болашағы	5108
1191.	Хусаинов	Д.А.	Инфраструктура глэмпингов в Щучинско-Боровской курортной зоне	5111
1192.	Шералы Өміржанқызы	Ақерке	Археологиялық туризм тарихи-мәдени мұраны таныстырудың инновациялық нысаны ретінде (Тараз қаласы мысалында)	5118
1193.	Altynay Kairatkyzy	Adilkhan	Cloud technologies as a way to automate the hotel industry	5121
1194.	Aza Yevloyeva		To the issue of tourist experience and co-creation process in tourism	5128
1195.	Khamidullin Manapovich	Nurseil	Mechanism of increasing investment attractiveness in tourism: The example of Mangistau region	5130
1196.	Kopbossyn Erlankyzy	Ayana	Prospects for the development of ecotourism in Kazakhstan	5135
1197.	Kuanysh B.B.		Big data technologies in hotel business	5138
1198.	Makhanova Maratovna	Aizhan	Sustainable development of tourism in Kazakhstan: a vision for future	5143
1199.	Mikhlidayev Seitzhan Maratovich, Ismoilova Salomat Qurbonbekovna		The role of digital technologies in improving tourist services in Kazakhstan	5146
1200.	Saginbayeva M.A.		Digital transformation in hotel business in the republic of Kazakhstan	5149
1201.	Seyitjan Rauanqyzy	Nurayim	AI in the hospitality industry	5154
1202.	Shaimukhamet Beketkyzy, Bagitzhanova Kamila Askhatkyzy	Merey	Role of social media in the hospitality industry	5158
1203.	Kaziyeva Zhanatkyzy	Dilnaz	E-commerce adoption in the restaurant sector of the Republic of Kazakhstan: present challenges and future prospects	5162
1204.	Rakhymkhanova Aidana		Study of blockchain technology and its application in restaurant business	5165
1205.	Tursungali A.A.		The influencing role of social media in the consumer's hotel decision-making process	5170
1206.	Yemutbayeva Serikovna, Kochkarova Erkinqyzy	Gulnur Raikhona	The role of accessible tourism	5174
1207.	Zhanabay.A.A		Forming inclusive tourism in Kazakhstan's	5179

			restaurant and hotel business	
1208.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	The impact of climate change on development of sustainable tourism in South Kazakhstan	5183
1209.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	Sustainable tourism policies: comparative study between Kazakhstan and Scandinavian countries	5188

**СЕКЦИЯ 8 ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ/
ИСТОРИЯ, АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ**

Подсекция 8.1 Қазақстан тарихының өзекті мәселелері: жаңа көзқарастар мен келешегі/ 8.1 Актуальные проблемы истории Казахстана: новые подходы и перспективы

1210.	Аубакирова Д. К.		Архивные свидетельства реакции казахских аулов на политику коллективизации	5195
1211.	Асан М. Н.		XX ғасырдың 20-79 жж. аралығындағы КСРО мен Ауғаныстан қарым-қатынасы: тарихи талдау	5198
1212.	Айтмырзаева Ф. Б.		Тараз қаласының орта ғасырдағы дамуы және архитектуралық ескерткіштер	5201
1213.	Әжеп Ә. Е.		1960-1970 жылдардағы Қазақстан жастарының саяси белсенділігі мен «Жас тұлпар» қозғалысының рөлі	5205
1214.	Бекишев Т. Б.		Цифровизация и историческая урбанистика Казахстана: новые вызовы исследования прошлого	5209
1215.	Балчих А. Ө.		Ағартушылық идеялары үндес тұлғалар	5212
1216.	Бижанов А. С., Маманов Р. Ш.		ҚР мемлекеттік туының қалыптасу тарихы	5216
1217.	Бейсембекова Г. Ж.		«Моңғолдың құпия шежіресі» - жазба тарихи мұра	5220
1218.	Гиззатова А. А.		XIX-XX ғасырдың бірінші жартысындағы Орал қаласының этнодемографиялық даму ерекшеліктері	5225
1219.	Дюсен Ж. М.		Отношение казахов Степного генерал-губернаторства к восстанию 1916 года	5231
1220.	Ескендір Д. К.		Қазақ антропологиясының негізін қалаушы Оразақ Смақұлов	5233
1221.	Жанғалиев У. Қ.		XVIII – XIX ғасырларда қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдарына сипаттама	5236
1222.	Жұмабек Қ. М.		Историографический аспект изучения школьных учебников как инструмента идеологического воспитания	5240
1223.	Жусупова А. Н.		Желтоқсан оқиғасының өңірлерге таралуы: негізгі аймақтар	5245
1224.	Ибраева Г. Б.		С.Сейфуллин: ұлттық білімді дамыту, оқулық жасау жолындағы еңбектері	5249

тұтынушыларға жылдам әрі сапалы қызмет көрсетуге бағытталады.

Қолданылатын әдебиеттер тізімі

1. Kotler, P, Keller, K. L. (2019). *Marketing Management* (15th ed). Pearson Education.
2. Turban E, King D, Lee, J. K., Liang, T. P., Turban, D. C. (2021). *Electronic Commerce: A Managerial and Social Networks Perspective* (9th ed.). Springer.
3. Laudon, K. C., Traver, C. G. (2020). *E-commerce 2020: Business, Technology, Society* (16th ed.). Pearson.
4. Chaffey, D. (2022). *Digital Marketing: Strategy, Implementation and Practice* (8th ed.). Pearson.
5. Rigby, D. (2011). "The Future of Shopping." *Harvard Business Review*, 89(12), 65-76.
6. McKinsey & Company (2023). *The Future of Retail: Trends and Innovations*.www.mckinsey.com
7. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі. (2023). *Қазақстандағы бөлшек сауда көрсеткіштері туралы есеп*.
8. Kaspi.kz ресми сайты – www.kaspi.kz
9. Wildberries ресми сайты – www.wildberries.ru
10. Ozon ресми сайты – www.ozon.ru
11. Amazon ресми сайты – www.amazon.com
12. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі. (2022). *Электрондық сауда және цифрлық төлемдер туралы есеп*.
13. Deloitte Insights (2023). *Retail Industry Trends: The Digital Transformation*. [Online] Қолжетімді: www2.deloitte.com

УДК 657.471.16

КЕЗЕҢДІК ШЫҒЫНДАР ЕСЕБІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДІСІ

Дүйсен Диана Әсетқызы

Duisenova_04@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Есеп және аудит» БББ 3 курс
студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші - З. Уразбаева

Андатпа: Бұл мақалада халықаралық тәжірибеде қолданылатын шығындар есебінің бір әдісі кезеңдік шығындар әдісі, оның артықшылығы, кезеңдері, есептеулері, модельдері, сондай-ақ «Жан» конфет өндірісінің өндіріс мысалы және кезеңдік шығындар әдісі туралы ақпараттар қарастырылады. Кезеңдік шығындар әдісінің артықшылығы өндіріс процесінің әрбір кезеңінде шығындарды бақылауға және талдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ол үздіксіз өндіретін және тоқтатыла алмайтын кәсіпорындарда шығындарды есептеуді жеңілдетеді. Осы себептен шығындарды есептеуде осы ідңстң пайдалануымыз керек.

Кілт сөздер: бухгалтерия, шығындар есебі, шығындар жүйесі, кезеңдік шығындар жүйесі, кәсіпкерлікті басқару, өндірістік кәсіпкерлік, конфет өндірісі.

Жоғары бәсекелестіктегі заманауи қызметтік әлемде басқарушыларға дұрыс шешім қабылдау үшін нақты, дәл, уақытылы, сенімді ақпараттар қажет. Шығындар есебі осы менеджерлердің өндірісте де қызмет көрсетуде де нақты шешім қабылдауына мүмкіндік беретін ақпараттардың бірі болып табылады. Менеджерлерге қажет шығындар туралы нақты ақпарат алу үшін бизнесте шығындар есебінің нақты системасы болуы қажет. Себебі әр компанияларда өнім өндіру мен қызмет көрсетуге кеткен шығындары детальді зерттелуі мен есептелуі компаниялардың аз шығын жұмсап, жоғары пайда табуларына айтарлықтай әсер етеді. Және бұл есептеулер мен зерттеулер экономикалық жоғары дамыған елдерде қазіргі уақытта тиімді қолданылады. Сондықтан ҚР экономикалық тиімді дамуы мен

өндіруші және қызмет көрсетуші кәсіпорындардың тиімділіктерін арттыру үшін шығындар есебінің маңыздылығын арттырып, шығындарды дұрыс есептеу әдістерін қосқан дұрыс. Сол себептен бұл мақалада шығындарды өндірісін үздіксіз ағын түрінде жүргізетін, біртекті (гомогенді) өнімдер өндіретін және өндіріс желісін кезеңдерге бөліп ұйымдастыра алатын кәсіпорындар үшін ең қолайлы әдістердің бірі болып табылатын және әлем экономикасында пайдаланылатын "Кезеңдік (Фазалық) шығындар әдісі" туралы жазылған.

Фазалық шығындар әдісі (кезеңдік құн) - бір типті өнімдерді немесе бір-біріне өте ұқсас өнімдерді жаппай өндіретін кәсіпорындарда қолданылатын шығындарды есептеу әдісі. Ол әсіресе тамақ, темекі, цемент, химия, энергетика және пластик сияқты салаларда кеңінен қолданылады. Бұл әдісте өндіріс процесі белгілі кезеңдерге (кезеңдерге) бөлініп, әр кезеңде жұмсалған шығындар жеке есептелетін кәсіпорындарда пайдаланылады. Бұл әдісті жүзеге асыру үшін бизнесте үш негізгі ерекшелік іздестіріледі:

Үздіксіз өндіріс ағыны: Өндіріс үзіліссіз жалғасуы керек.

Біртекті өнімдер: өндірілген өнімдер бір-біріне ұқсас болуы керек.

Кезеңдерге бөліну: Өндіріс процесі анық кезеңдерге бөлінуі керек

Кезеңді калькуляциялау әдісінде шығындар өндірістің әрбір сатысында жинақталады және бірліктің өзіндік құнын есептеу үшін осы кезеңде өндірілген өнім санына бөлінеді. Бір кезеңде аяқталған өнімдер осы кезеңде жұмсалған жалпы шығындармен бірге келесі кезеңге ауыстырылады. Осылайша, әрбір өндіріс кезеңінің жиынтық құны анықталады. Бұл әдістің артықшылығы - өндіріс процесінің әрбір кезеңінде шығындарды бақылауға және талдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ол үздіксіз өндіретін және тоқтатыла алмайтын кәсіпорындарда шығындарды есептеуді жеңілдетеді.



Сызба 1. Фазалық есептік басқару әдісінің моделі

Büyükmirza, 2017: 251 кітабынан алынып, қазақшаға аударылған

Өндіріс кезеңдерін анықтау үшін алдымен шығындар орталықтары құрылады және осы шығындар орталықтарында шығындар (тікелей шикізат, тікелей еңбек және жалпы өндірістік шығындар) есепке алынады. Соңғы кезеңде бұл шығындар өндірілген өнімге жүктеледі және осы негізде есептер жасалады.

Кезеңді калькуляциялау әдісінде өндіріс шығындары кезең бойынша жиналады және белгілі бір кезең ішінде осы кезеңнен өткен барлық өндірістік бірліктерге бірдей есептеледі. Өндіріс шығындары өндіріс орын алатын шығындар орталықтарына жүктелгеннен кейін тиісті шығындар орталықтары арасында өндірісі аяқталған өнімдер келесі шығындар орталығына ауыстырылады және бұл процесс дайын өнім қоймасына тапсырумен аяқталады. Фазалық шығындар әдісін сау жолмен жүзеге асыру үшін белгілі бір кезеңдерді сақтау керек. Фазалық шығын әдісінің жұмысын төрт кезеңге жинақтауға болады. Бұлар; физикалық қозғалыстарды зерттеу, эквивалентті өндіріс мөлшерін есептеу, бірлік пен жалпы шығындарды есептеу және кезең соңындағы жартылай фабрикаттардың өзіндік құнын есептеу.




Схема 2. Фазалық құн әдісінің жұмыс жасау схемасы
Lazol, 2018:161 кітабынан алынып, қазақшаға аударылған

Физикалық қозғалыстарды талдау процесі арқылы мөлшердің дәлдігі және оның бақылауы жүзеге асырылады. Дегенмен, бұл процестегі ең басты мақсат – кіріс пен шығыс мөлшерінің теңдігін қамтамасыз ету. Кіріс мөлшері мен физикалық шығыс мөлшері бірдей өлшем бірлігімен көрсетілуі тиіс. Бұл жерде негізгі өлшем бірлігі ретінде физикалық шығыс мөлшерін білдіретін өлшем бірлігі қабылданады, өйткені әрбір кезеңдегі бірлік шығындар физикалық шығысқа негізделіп есептеледі.

Кезең басында қабылданған жартылай дайын өнімдер мен кезең ішінде өндіріс процесіне кіретін шикізаттардың жалпы сомасы өндіріс көлемін анықтайды. Алайда, өндіріс процесінде пайдаланылған барлық шикізат толық дайын өнімге айналмайды, оның бір бөлігі кезең соңында жартылай дайын өнім түрінде қалады. Сондықтан, жалпы өндіріс шығынын бөлу кезінде тек толық дайын өнімдерді ғана емес, аяқталмаған жартылай өнімдерді де ескеру қажет, себебі сол кезеңдегі кейбір шығындар осы аяқталмаған өнімдерге тиесілі болады.

Дәл және нақты бірлік шығынды есептеу үшін жалпы шығындар толық дайын өнімдер мен аяқталмаған жартылай дайын өнімдерге бөлінеді. Бұл жағдайда қолданылатын өлшем – эквивалентті өндіріс мөлшері. Эквивалентті өндіріс мөлшері – өндірісі аяқталмаған өнімдердің шикізат пен өндіріс процестері тұрғысынан қаншалықты аяқталғанын пайыздық мөлшерде көрсетеді. Алайда шығындарды толық дайын өнімдер мен аяқталмаған өнімдерге бірдей бөлу қателікке алып келеді. Сондықтан аяқталмаған жартылай дайын өнімдер олардың аяқталу дәрежесіне қарай толық дайын өнімге айналдырылып есептеледі. Аяқталу дәрежесі – өндіріс процесіндегі өнімнің қаншалықты өңделгенін және толық өнімге айналу үшін қандай деңгейде екенін пайыздық көрсеткішпен сипаттайды. Осы әдіс арқылы кезең соңындағы жартылай дайын өнімдер аяқталу дәрежесі негізінде толық дайын өнім түрінде көрсетіледі. Жалпы өндіріс шығындарының аяқталу дәрежесі көбінесе тікелей еңбекақыға негізделеді. Басқаша айтқанда, жартылай дайын өнімдердің тікелей еңбекақы шығындары мен жалпы өндіріс шығындарының аяқталу дәрежелері бірдей деп есептеледі, себебі өндіріс процесіндегі шығындардың көп бөлігі шикізатты өңдеу мен дайын өнімге айналдыру барысында туындайды. Осы себепті, жалпы өндіріс шығындарының аяқталу дәрежесі негізінен тікелей еңбекақы арқылы анықталады.

Тікелей еңбекақы шығындары мен жалпы өндіріс шығындары өнімді өңдеу шығындарын құрайды. Шикізатты дайын өнімге айналдыру үшін оған пішін беру немесе өндірістік өңдеу қажет. Бұл процестер тікелей еңбекақы мен жалпы өндіріс шығындары арқылы жүзеге асырылады. Егер тікелей еңбекақы мен жалпы өндіріс шығындарының аяқталу дәрежесі бірдей болса, эквивалентті өндіріс мөлшерін бөлек есептеудің қажеті жоқ, бір ғана эквивалентті өндіріс мөлшері есептеледі.

Эквивалентті өндіріс мөлшері мына формула бойынша есептеледі

Эквивалентті өндіріс мөлшері = Толық дайын өнім мөлшері + (Жартылай дайын өнім мөлшері × Аяқталу дәрежесі)

Фазалық шығындарды есептеу әдісінің үшінші кезеңінде бірлік және жалпы шығындар есептеледі. Бірлік шығын – жалпы өндіріс шығынын эквивалентті өндіріс мөлшеріне бөлу арқылы есептеледі. Бірақ тікелей шикізат, тікелей еңбекақы және жалпы

өндіріс шығындарының эквивалентті өндіріс мөлшерлері әртүрлі болуы мүмкін, сондықтан бұл шығындар жеке-жеке есептеледі.

Бірлік және жалпы шығындарды есептеу үшін қолданылатын формулалар:

- *Тікелей шикізаттың бірлік шығыны = Кезеңдегі тікелей шикізаттың жалпы шығыны ÷ Тікелей шикізаттың эквивалентті өндіріс мөлшері*

- *Тікелей еңбекақының бірлік шығыны = Кезеңдегі тікелей еңбекақының жалпы шығыны ÷ Дайын өнімге айналған эквивалентті өндіріс мөлшері*

- *Жалпы өндіріс шығындарының бірлік шығыны = Кезеңдегі жалпы өндіріс шығыны ÷ Дайын өнімге айналған эквивалентті өндіріс мөлшері*

Жалпы өндіріс шығыны = Толық дайын өнім мөлшері × Бірлік шығындардың қосындысы

Кезең соңында өндірісі аяқталмаған жартылай дайын өнімдердің шығынын есептеу үшін мына формула қолданылады (KaYGusuz, 2009: 323):

Тікелей шикізат/Қайта өңдеу шығыны = Кезең соңындағы жартылай дайын өнім мөлшері × Аяқталу дәрежесі × Бірлік шығындардағы үлесі

Мысал: «Жан» конфет өндіру дүкені шоколад өндірумен айналысады. Өндіріс екі кезеңнен тұрады біріншісі қант еріту арқылы начинка алу. Ал 2-кезең конфетті шоколадпен қаптау. Төмендегі кестеде барлық ақпараттар көрсетілген.

Кезең	I	II
Өндіріс басындағы өнім саны	500	400
Тамамдалған өнім	400	250
Процес барысындағы жартылай дайын өнім	100	150
Жартылай өнімнің тамамадалу дәрежесі, %	50	40
Жалпы шығын суммасы	4500	6200

1-кезең бойынша:

$100 \cdot 0,5 = 50$ өнім

$400 + 50 = 450$ дана

$4500 / 450 = 10$ тг/дана

Аяқталған өнім құны: $400 \cdot 10 = 4000$

Жартылай өнім мен залал құны: $50 \cdot 10 = 500$ тг

Аяқталған 1 дана дайын өнімнің өзіндік құны 30 тг

Жалпы дайын өнім 250 дана, сондықтан жалпы құн $250 \cdot 30 = 7500$ тг

1-кезең бойынша жартылай өнім құны : 500 тг

2-кезең бойынша жартылай өнім құны : 2700

1-кезең $150 \cdot 10 = 1500$

2-кезең $60 \cdot 20 = 1200$

Қорытынды: Бұл өндірісте 1 шоколадтың өзіндік құны 30 тг. Өнімді өндіруге жалпы 10700 тг кетеді. Оның 7500 тг нақты 250 дана өнім өндіруге. Ал 3300 тг машинкалардың ішінде әлі дайын өнімге айналмаған 110 дана шоколадтардың өзіндік құны. Ол өнімдер келесі партияда өндіріліп шығарылады. Және қалдық 3300 тг сол партияның калькуляциясында есептеледі. Және 1-кезеңде 50 даналық қант ерімейтін тасқа айналған және 2-кезеңде 90 дана шоколадтық қаптау бірікпей залалға кеткен. Ол залал енді компанияның шотынан емес жалпы өндірістің өзіндік құнына кіріктіріліп кеткен. Компания залалдардан еш шығын шекпеді. Және өндірілген өнімнің өзіндік құнына артып кетпеді. Себебі тікелей есептеу бойынша есептесек онда 1 дана өнімнің өзіндік құны 42,8 тг болар еді.

Бүгінгі таңда әрбір өндіруші кәсіпорын өзінің ұйымдық құрылымына, өндіретін өнім түріне және өндіріс техникасындағы айырмашылықтарға сәйкес шығындар жүйесін құру керек. Дегенмен, бұл жүйенің арқасында бірлік пен жалпы шығындарды дәл есептеуге және тиімді шығындарды бақылауға қол жеткізуге болады. Құрылатын шығындарды есепке алу жүйесі компанияның өндірістік және сату саясатына да ықпал етеді. Оны жоғарыдағы мысалдардан да байқауға болады. Себебі байқап отырғанымыздай кезеңдік шығындар есебі

компаниялардың шығындары мен өндірілетін өнімдердің өзіндік құнын төмендететін әдіс. Және кезеңдік шығындарды есептеу әдісі өндірісті үздіксіз ағында ұстайтын, бір-біріне ұқсас біртекті өнімдерді шығаратын және өндіріс желісін өндіріс сатыларына бөле алатын кәсіпорындарда қолданылуы мүмкін. Кезеңдік құн әдісінің негізгі мақсаты әрбір кезеңнің шығындарын жеке есептеу арқылы бірлік шығындарын анықтау және кезеңдер арасындағы шығындарды салыстыру және бір-біріне аудару болып табылады. Бұл әдісті Қазақстан экономикасына және экономика саласын оқытушы білім жүйесіне қосу арқылы еліміздің экономикасы мен өндірістің қарқынды дамуына үлес қоса аламыз. Және айта кететін жайт бұл шығындар есебінің тек бір әдісі. Болашақта басқа әдістерді де зерттеп, олардың экономика қоғамында қолданылуына жағдай жасауды ұсынамын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Lazol İ.Ö Maliyet muhasebesi. Bursa, Bekin kitapevi, 2018
2. Büyükmirza, K., (2017). Maliyet ve Yönetim Muhasebesi. Ankara, Gazi Kitabevi. 2017
3. Doç. Dr. Hasan A. BURSA, Dora Basım Yayın kitapevi, 2024
4. С.С. Сапарбаева, З.О. Уразбаева, Р.С. Данаева, Шағын және орта бизнес субъектілеріндегі бухгалтерлік есеп : оқу құралы / - Астана , 2023
5. Қаржылық талдау негіздері : оқу құралы / С.С. Қожабеков, С.А. Тлеубаева. - Алматы : TechSmith, 2023. – 26
6. ИП «Жан» конфет өндіру дүкенінің өндіріс схемасы

УДҚ339.14

БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІ АВТОМАТТАНДЫРУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ

Ерғалиев Бақнұр Берікжанұлы

baknur0202@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің «Экономика» факультетінің «Есеп және аудит» мамандығының 1-курс магистранты Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі – Уразбаева.З.О.

Аннотация: Бұл мақалада ұйымдардың бухгалтериясында автоматтандыруды енгізудің заманауитенденциялары мен мәселелері қарастырылады. Автоматтандыру процесінің негізгі кезеңдері талдаудан және дұрыс бағдарламалық жасақтаманы таңдаудан бастап персоналды оқытуға және процестерді оңтайландыруға дейін сипатталады. Мақалада бухгалтерлік есептің дәлдігі мен тиімділігін арттыру үшін автоматтандырудың маңыздылығы көрсетілген. Жалпы бағдарламалар мен технологиялар қарастырылады, сонымен қатар бухгалтерлік процестерде автоматтандыруды енгізу кезінде кәсіпорындарда кездесетін артықшылықтары мен қиыншылықтары ерекшеленеді. Мақала автоматтандыруды бухгалтерлік есеп тәжірибесімен сәтті біріктіру үшін технология мен адам факторын теңдестірілген пайдаланудың маңыздылығын көрсетеді.

Түйін сөздер: бухгалтерлік есепті автоматтандыру, бухгалтерлік есеп бағдарламалары, бухгалтерлік процестерді оңтайландыру, автоматтандырудың артықшылықтары, қызметкерлерді оқыту, тиімділік.

Кіріспе: Қазіргі әлемде технологиялар бизнес-процестерді үздіксіз өзгертіп жатқандықтан, бухгалтерлік есепті автоматтандыру қаржылық басқарудың негізгі элементіне айналады. Бұл үдеріс ұйымдарға айтарлықтай артықшылықтар әкеліп қана қоймай, бизнес жүргізудің жаңа шындығын қалыптастырады. Бухгалтерия саласына заманауи бағдарламалық шешімдер мен жоғары технологиялық жүйелерді енгізу тек күнделікті міндеттерді жеңілдетіп қана қоймай, қаржылық есептің дәлдігі мен жеделдігін едәуір арттырады. Осы тұрғыда бухгалтерлік есепті автоматтандыру құралдарын меңгеру және қолдану кәсіпорындардың динамикалық іскерлік ортада табысты жұмыс істеуінің